| | | |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Таскала ауданы білім беру бөлімінің «Садық Жақсығұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | | Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа имени Садыка Жаксыгулова» отдела образования Таскалинского района управления образования акимата Западно-Казахстанской |

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

**«2» қазан 2023 жыл** **№ 107**

**Тасқала** **Таскала**

**Ақша жинауға тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы, БҚО білім басқармасының 23.03.2023 жылғы № 261 бұйрығы және ҚММ «Садық Жақсығұлов атындағы ЖОББМ» 2.09.2020 жылғы № 57 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

Мектеп директордың орынбасарына:

1. Мектепте тегін орта білім алу принциптері сақталынсын.

1.1. Оқушылардан, ата-аналардан және мектептің қызметкерлерінен мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге, оқулықтар сатып алуға, мұғалімдерге, әкімшілікке сыйлық алуға, мектепке қабылдағанда, мектептен мектепке, сыныптан сыныпқа ауыстырғанда және т.б. ақшалай қаражат жинауға тыйым салынады.

1.2. Мектептің әкімшілігіне және педагогикалық қызметкерлеріне мектепте қайырымдылық және демеушілік көрсету үшін құрылған қор немесе қоғамдық бірлестік жұмысының қызметімен айналысуға тыйым салынады.

1.3.Ата-аналардың демеушілік көмек көрсету міндетті емес екендігі туралы түсінік жұмыстары жүргізілсін.

1.4. Сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне сыйлық алуғы қатаң тиым салынады.

1.5. Осы бұйрықты бұзғаны үшін қызметкер қызметтен босатуға дейін шара қолданады.

1.6. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі Сапаков Даурен Амангельдиевич ақша жинауға тыйым салу мәселесі бойынша іс-шаралар жоспарын құрсын және өткізсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры:** **Г. Узакбаева**